

"Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына түсініктемесі

Қазіргі кезде әлемдік экономика жаңа сапалық деңгейге - білімге негізделген экономикаға өзгеруде. Білімге негізделген салалардағы экономикалық өсу өткен жиырма жылда жалпы экономикалық өсудің қарқынынан тұрақты түрде асып отырды. Алайда осы орайда ақпарат легінің артуы және оның одан әрі шектеусіз өсу перспективасы адамзат жинақтаған білімді жай игеріп қою нәтижесіз мақсат екенін **к ө р с е т е д і .**

Әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің білім беру жүйесі осындай сын-тегеуріндерге білім берудің құрылымын, мақсаттарын, мазмұны мен технологиясын түбегейлі өзгертумен үн қатты. Білімді, білік-дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады. Осы кезде қазақстандық білім берудің мазмұны фактологиялық түрде қалып отырды, ал құрылымы жалпыға танылған халықаралық ұсынымдарға сәйкес келмеді. Білім берудің дамуы нарықтық экономикалы ашық азаматтық қоғамның қажеттіктерінен артта қалып отырғаны барынша байқалды.

Мемлекет басшысы 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке болашаққа ұмтылған білім беру бағдарламасын әзірлеуді тапсырды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы бүкіл халықтың талқылауынан өтті, оның барысында 3000-нан астам ұсыныстар мен ескертулер түсті. ЮНЕСКО-ның, Білім беруді бағалаудың Еуропалық қауымдастығы басқармасының, Дүниежүзілік банктің Еуропа және Орталық Азия өңірлік білім секторының, "Ашық қоғам" институты орта білім жөніндегі халықаралық басқармасының (Будапешт) сарапшылары, Ресейдің жетекші сарапшылары халықаралық сараптау жүргізді. Ұсыныстар мен ескертулердің **к ө п ш і л і г і** **н а з а р ғ а** **а л ы н д ы .**

Бағдарламада білім беруді дамытудың мынадай негізгі бағыттары көзделген:

1. Оқыту 6 жастан басталатын әрі жоғары саты оқушыларын бейінді және кәсіпке бағытталған жүйеде оқытатын 12 жылдық жалпы орта білімге көшу.
2. Орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру жаңа деңгейін құру.
3. Академиялық кредиттер жүйесіне негізделген кәсіби кадрларды даярлаудың үш

сатылық жүйесін: бакалавриат-магистратура-докторантура (Ph.D) құру.

4. Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру.

Алға қойған міндеттерді іске асыру үшін білім беру жүйесінің материалдық-техникалық, нормативтік-құқықтық базасын нығайту, білім берудің мазмұнын білім берудің білім үстемдігі үлгісінен "құзыретті" үлгісіне көшу арқылы өзгерту, білім беру деңгейлерінің құрылымын ЮНЕСКО-ның білім берудің халықаралық стандарттық жіктеуішіне сәйкес келтіру көзделеді.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепке дейінгі бағдарламалармен тұрмысы төмен отбасы балаларының 30%-ын қамту, мектепке дейінгі білім берудің жаңа нысандарын дамытуға мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен, сонымен қатар жеке сектордың инвестициясын тарту арқылы мектепалды даярлықпен бес жастағы балалардың 75%-ын кезең-кезеңімен қамту жоспарланды. Алдағы 3 жылда 6230 білім беру ұйымы (80%) лингафон және мультимедиа кабинеттерімен қамтамасыз етіледі, оқушы орындарының тапшылығын жою үшін мемлекеттік бюджет есебінен 249 мектеп салынады. Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту және 12 жылдық мектептегі жұмысқа мұғалімдерді қайта даярлау үшін қаражат көзделген. 14 арнаулы түзеу мектеп-интернатын салу жоспарлануда, ол мүмкіндіктері шектеулі балалардың проблемаларын шешуге көмектеседі. Техникалық және кәсіптік білім берудегі күш-жігер кәсіптік техникалық білім беру ұйымдарының желісін кеңейтуге, жұмыс істеп тұрған ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жаңартуға және жұмыс берушілермен әлеуметтік серіктестікті нығайтуға бағытталған болады. Осы салаға жеке сектордың ресурстарын тартудың шаралары ретінде оқыту біліктілікті беруден бөлінетін болады. Нәтижесінде еліміздің түрлі кәсіпорындары білім берудің өзіндік бағдарламаларын ұйымдастыруға мүмкіндік алады, ал тәуелсіз Біліктілікті беру және қуаттау республикалық орталығы даярланған кадрлардың кәсіби жарамдылығын анықтайтын болады. Жаңа деңгей - орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беруде, бірқатар мамандықтар бойынша көрсету және басқару еңбегінің орта буын мамандарын даярлау жүзеге асырылатын болады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде бағдарламалардың икемділігін, ұқтырылған, дипломдардың халықаралық танылуын және оқу процесін демократияландыруды қамтамасыз ететін кредиттік технология негізінде кадрлар даярлаудың үш сатылы моделіне түпкілікті көшу жүзеге асырылады. Ғылыми кадрлар даярлаудың тиімділігі артады. 22 мен 28 жас аралығындағы жастар магистр, философия докторы (Ph.D), ал бейіндік докторантураны игерген жағдайда - бейін (медицина, музыка, білім беру және т.б.) бойынша доктор академиялық дәрежесін алу мүмкіндігіне ие болады.

Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігін арттыру үшін компьютерлерді жаңалау және Интернетке қосылған

мектептер жүйесін кеңейту жөніндегі қосымша шаралармен қатар мұғалімдердің компьютерлік сауаттылығын арттыру, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық оқыту құралдарын дайындауды жеделдету, қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін оқыту порталын құру жоспарланып отыр.

Білім берудің сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру шеңберінде білім берудің сапасын ішкі және сыртқы бағалау енгізіліп, бақылау-өлшеу құралдары жетілдірілетін болады. Оқитындардың оқудағы жетістіктерін мемлекеттік бақылау білім берудің әрбір сатысы аяқталғанда жүргізілетін болады. Қазақстан 2005 жылдан бастап халықаралық зерттеулер (PISA) шеңберінде оқитындардың жетістіктерін салыстырмалы талдауға қ а т ы с а т ы н б о л а д ы .

Бағдарламаны іске асыруға қажетті мемлекеттік бюджеттің шығыстары 330812,0 млн . т е ң г е н і қ ұ р а й д ы .

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде тиімді қызмет істейтін білім беру жүйесі қалыптасып, Қазақстанның қазіргі әлемде лайықты орын алуына мүмкіндік беретін оқыту және кадрлар даярлаудың сапалы билік деңгейіне қол жеткізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Білім және ғылым министрлігі